

Айыппұлдар мен айыпақыларды есептен шығару туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылғы 10 шілдедегі N 12-8-2-01-5/3823 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 25 шілдеде тіркелді . Тіркеу N 337

Облыстар мен Алматы қаласы

бойынша салық басқармалары

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар, Z952235_ "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Жарлығының 179 бабының 2,3,7 тармақтарын орындау үшін "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 30 мамырдағы N 138 Z970138_ Заңымен енгізілген толықтыруларға сәйкес Осы Заңның ережелерін жүзеге асырудың тәртібі туралы нұсқаулар жолдайды.

179 баптың 2 және 3 тармақтарына сәйкес заңды және жеке тұлғалар үшін мыналар е с е п т е н ш ы ғ а р ы л а д ы :

1. Салық органдарының деректері бойынша 1995 жылғы 9 тамызға дейін оларға қалған, 1995 жылғы 1 шілдеге дейін жол берілген салық заңдарының бұзылғаны үшін есептелген айыппұлдар мен айыпақылар жөніндегі борыштың сомалары.

Есептен шығарылатын сомаларға, "Салық заңдарын бұзғаны үшін көзделген санкцияларды (айыппұлдар мен айыпақыларды) өзгерту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 10 тамыздағы N 1109 P951109_ қаулысына сәйкес, кейіннен прокуратураның нұсқамасы бойынша, қалпына келтірілген , салық төлеушілердің жеке есеп-шоттарында "Айыппұлдар мен айыпақылардың әкімшілік сомалары" деген жеке жолмен көрсетілген сомалар жатқызылады.

2. Экономиканы жаңарту қоры, кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қоры жөніндегі берешектердің, қоғамдық қалалық көлікті дамытуға арналған аударымдардың, сондай-ақ межеленген мөлшерге қоса, өзіндік құнға негізделетін,

еңбекке ақы төлеу шығыстарынан асқан және 1995 жылғы 1 шілдеге дейін қалыптасқан нормативтерге қоса, кәсіпорындардың қарамағында қалған кірістерден тұтыну үшін жұмсалатын қаржылардан асқан сомадан түсетін табысқа салынатын салықтың с о м а л а р ы .

3. Экономиканы жаңарту қорына, кәсіпкерлікті қолда және бәсекелестікті дамыту қорына өтемдерді төлеу кезінде салық заңдарын бұзғаны үшін аударылған айыппұлдар мен айыпақылардың, қоғамдық қалалық көлікті дамытуға арналған аударымдардың, сондай-ақ межеленген мөлшерге қоса, өзіндік құнға негізделетін, еңбекке ақы төлеу шығыстарынан асқан және 1995 жылғы 1 шілдеге дейін қалыптасқан нормативтерге қоса, кәсіпорындардың қарамағында қалған кірістерден тұтыну үшін жұмсалатын қаржылардан асқан сомадан түсетін табысқа салынатын салықтың сомалары.

Жоғарыда көрсетілген қорлар бойынша берешектер есептен шығарылғаннан кейін салық төлеушінің олар жөніндегі жеке есеп-шоты 1995 жылғы 1 шілдеден кейін пайда болған борышы жоқ жағдайда жабылады.

179 баптың 7-тармағына сәйкес 1997 жылдың 1 сәуірінен бастап 1997 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша қалыптасқан салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жөніндегі борыштарды төлеу және аудару 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін тоқтатылады.

Борыштардың доғарылған негізгі сомасын өтеумен қатар 1997 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша аударылған айыппұлдар мен айыпақыларды есептен шығару жүргізіледі. Есептен шығару доғарылған борышты өтеудің анықталған үлесі бойынша тиісті есеп жүргізілгеннен кейін шілдеден бастап, әрбір айдың 20-сындағы жағдай бойынша жүргізілетін болады. Айыппұлдар мен айыпақылардың сомасын анықтау үшін "Салықтық амнистияға сәйкес есептен шығарылатын айыппұлдар мен айыпақылардың мөлшерін анықтау" кестелерін (N 1 қосымша) толтыру қажет. 1998 жылдан бастап борыш жалпы белгіленген тәртіп бойынша, яғни мынадай: айыпақы, айыппұл, салықтың сомасы - ретімен қайтарып алынады. Төлейтін мерзімі 1997 жылғы 1 сәуірден кейін басталатын ағымдағы және аванстық төлемдер жалпы белгіленген т ә р т і п п е н ө т е л е д і .

Борыш 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін толық өтелген жағдайда, салық органдары хаттаманың негізінде айыппұлдар мен айыпақылардың тиісті сомасын есептен шығарады. Егер 1997 жылдың 1 қаңтарында негізгі борыш бойынша берешек болмаған жағдайда, бірақ айыппұл санкциялары мен айыпақылардың есептелген сомасы болса, онда бұл борыш (айыппұлдар мен айыпақылар бойынша) автоматты түрде есептен шығарылады. 1 сәуірден кейін төленген айыппұлдар мен айыпақылардың сомасы қайтадан төлеу ретінде есептеледі.

Қосымша айтармыз, сомаларды үйлестіруді бөлінбеген табыстың ұлғаюы есебінен салық төлеушілер жүргізеді.

Осы айтылғандардың негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің

Салық комитеті облыстар мен Алматы қаласы бойынша салық басқармаларының бастықтарына мыналарды тапсырады:

1) Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы айыппұлдар мен айыпақылар жөніндегі борыштардың, сондай-ақ өзгертілген төлемдер жөніндегі борыштардың сомаларын есептен шығарудың ережелері туралы және оны жүргізудің тәртібі туралы түсіндіру жұмысы жүргізілсін, әрбір мүдделі салық төлеушіге оның пайда болған құқықтары туралы жеткізілетін болсын. Салықтық амнистияны жүргізуге қатысты барлық заңдар мен нормативтік құжаттардың баспасөзде жариялануы қамтамасыз етілсін;

2) әрбір салық органында құрамында 4 адамы бар жұмыс комиссиясы құрылсын, оған жергілікті атқару органдарының келісімі бойынша, салықтық есептеу бөлімшесінің басшысы - жергілікті әкімшіліктің қызметкері, қаржы органының келісімі бойынша - қаржы саласының қызметкері кіруге тиіс;

3) 1997 жылдың 20 шілдесіне дейін жеке есеп-шоттар арқылы 1997 жылдың 1 сәуіріне дейінгі жағдай бойынша салық төлеушілердің берешектеріне түгендеу жүргізілсін және салықтар, айыппұлдар мен айыпақылар бойынша берешектерді жекелеп белгіленсін, әрбір салық төлеуші бойынша берешектердің көрсетілген сомасынан кесте жасалсын;

4) 179 баптың 2 және 3 тармақтарына сәйкес, есептен шығарылған айыппұлдар мен айыпақылардың, сондай-ақ көрсетілген бюджеттен тыс қорлар жөніндегі борыштардың сомалары туралы жинақталған есеп Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне N 2 және 3 қосымшалар үлгісінде әрбір салық пен төлемге бөлінген түрінде берілетін болсын;

5) борыштарды есептен шығару хаттама арқылы жасалсын, онда салық

төлеуші туралы және есептен шығару сәтіндегі борыштардың сомалары, айыппұлдар, айыпақылар мен өзгертілген төлемдер және борыштың қалдықтары туралы барлық деректер көрсетілетін болсын;

6) бұл нұсқаулар төмендегі салық органдарына жеткізілсін және олардың толық әрі дер кезінде орындалуы қамтамасыз етілсін.

Төрағаның орынбасары, салық
қызметінің 2 дәрежелі
Мемлекеттік кеңесшісі

N 1 қосымша

Салық амнистиясына сәйкес бөлінетін айыппұлдар
мен айыпақылар мөлшерін анықтау

_____ Толтырылған күні _____
(салық органының атауы)

(салық төлеушінің атауы)

Салық |1.04.97 жылға |Толтырылған |Өтеу |Есептен шығарылуға
түрі |арналған қарыздардың|күнге дейінгі|про. |жатады
|сомасы |салықтың |центі|
|_____ |өтелуі | |_____
|салық|айыппұл|айып | | |айыппұл. |айыпақы.
| | |ақы | | |дардың |лардың

_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____

Есептеу бөлімінің инспекторы _____

Инспектор _____

Бөлім бастығы _____

№ 2 қосымша

Салық амнистиясына сәйкес есептен шығарылған айыппұлдар
мен айыпақылардың, сондай-ақ бюджеттен тыс мақсатты
қорларға аударымдардың деректері

(салық органының атауы)

(салық төлеушінің атауы)

Салық түрі|Есептен шығаруға |Есептен шығаруға |1.07.97 ж.арналған
|жататын қаржылық |жататын бюджеттен |есептен шығаруға
|санкциялардың |тыс қорлар бойынша|жататын қорлар
|сомасы

|өтелмеген қарыз. |бойынша қаржылық
| |дардың қалдықтары |санкциялардың

			қалдықтары		
Айыппұлдар	Айыпақы.		Айыппұлдар	Айып.	
лар			ақылар		
Барлығы:					

Ескерту.

Есептен шығаруға жататын айыппұлдар мен айыпақылардың сомалары "Айыппұлдар мен айыпақылардың амнистияланған сомалары" Бас прокуратураның нұсқамасымен оның қалпына келгеніне дейін олар бойынша өтелген сомалардың шегерім жолдары бойынша 1995 жылға арналған жеке есепшоттарда бейнеленген сомалар тәрізді айқындалады.

Есептеу инспекторы _____

Инспектор _____

Бөлім бастығы _____

N 3 қосымша

Айыппұлдар мен айыпақылардың амнистияланған сомалар бойынша, сондай-ақ есептен шығарылған бюджеттен тыс қорлар бойынша төлемдердің жиынтық кестесі

(салық органының атауы)

Салық	Кәсіпорындар	9.08.95 ж. арналған	Қорлар	9.08.95 ж. арналған
түрі	дың саны	есептен шығарылған	бойынша	қорлар бойынша
	айыппұлдар мен	шығарылған	есептен шығарылған	
	айыпақылардың	төлемдердің	айыппұлдар мен	
	сомасы	сомасы	айыпақылардың	
			сомасы	

--	--	--	--	--

Бар.				
лығы				

Есептеу бөлімінің бастығы _____

Салық органының бастығы _____